

ӨОЖ 327:339.9(510+574/576)

FTAMP 11.25.91

<https://doi.org/10.48371/ISMO.2026.63.1.021>

ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ЕЛДЕРІ МЕН ҚХР ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫ: ДАМУ БЕТАЛЫСЫ МЕН КЕЛЕШЕГІ

Әбиденқызы А.¹, *Алмабекова А.М.²

¹ Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты,
Алматы, Қазақстан

*² Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Алматы, Қазақстан

Аңдатпа. Бұл мақалада Орталық Азия мен Қытай Халық Республикасы арасындағы қарым-қатынастардың қалыптасу ерекшеліктері, даму динамикасы және қазіргі кезеңдегі негізгі бағыттары жан-жақты қарастырылады. Зерттеу аясында тараптар арасындағы тарихи байланыстардың эволюциясы, дипломатиялық қатынастардың институционалдануы, стратегиялық әріптестіктің орнығуы, сондай-ақ саяси, экономикалық, көлік-логистикалық, энергетикалық және қауіпсіздік салаларындағы ынтымақтастықтың мазмұны талданады. Автор Орталық Азияның Қытай сыртқы саясатындағы орнының күшеюін аймақтың геосаяси орналасуымен, табиғи-ресурстық әлеуетімен және транзиттік маңызымен байланыстыра отырып түсіндіреді. Сонымен қатар мақалада «Жібек жолы экономикалық белдеуі» және «Бір белдеу, бір жол» бастамасының Орталық Азия мен Қытай арасындағы өзара ықпалдастықты тереңдетудегі рөліне ерекше назар аударылады. Зерттеу барысында Қытайдың аймақтағы экономикалық және инвестициялық белсенділігінің артуы, инфрақұрылымдық жобалардың кеңеюі, сауда айналымының ұлғаюы және көпжақты форматтардың, соның ішінде Шанхай ынтымақтастық ұйымы мен «Орталық Азия – Қытай» тетігінің маңызы сарапталады. Сонымен бірге автор Орталық Азия мемлекеттерінің Қытаймен қатынастарында ұстанып отырған теңгерімді және көпвекторлы саясаттың мәнін айқындап, Қытай ықпалының күшеюімен қатар туындайтын қауіптер мен шектеулерді де назардан тыс қалдырмайды. Атап айтқанда, аймақ елдеріндегі қоғамдық пікір, синофобиялық үрдістер, сыртқы державалар бәсекесі, экономикалық тәуелділік қаупі және аймакішілік ерекшеліктер сияқты факторлардың екіжақты қатынастарға ықпалы бағаланады. Нәтижесінде Орталық Азия мен Қытай арасындағы байланыстардың өзара тиімді, алайда күрделі әрі көпқабатты сипатқа ие екені және олардың болашақтағы дамуы ішкі тұрақтылыққа, аймақтық тепе-теңдікке және халықаралық ахуалға тікелей тәуелді екені тұжырымдалады.

Тірек сөздер: Орталық Азия, Қытай, ҚХР, стратегиялық әріптестік, дипломатиялық қатынастар, «Бір белдеу, бір жол», «Жібек жолы экономикалық белдеуі», ШЫҰ, экономикалық ынтымақтастық, қауіпсіздік

Кіріспе

Қазіргі кезеңде Орталық Азия (бұдан әрі – ОА) мен Қытай Халық Республикасы (бұдан әрі – ҚХР) арасындағы қатынастар тату көршілік, стратегиялық әріптестік және өзара сенім қағидаттарына негізделген байланыстар жүйесі ретінде сипатталады [1]. ОА мен ҚХР арасындағы осындай тұрақты әрі сенімді қарым-қатынастар қауіпсіздік, экономика, энергетика және өңірлік даму салаларындағы ынтымақтастықтың нығаюына негіз қалап отыр. Атап айтқанда, қауіпсіздік саласындағы өзара іс-қимыл Қытайдың солтүстік-батыс өңіріндегі тұрақтылықты қамтамасыз етуге, сондай-ақ елдің шекаралас кеңістігіндегі сыртқы қауіпсіздік қысымын әлсіретуге ықпал етуде. Сонымен қатар, энергетика, табиғи ресурстар, сауда-экономикалық байланыстар саласындағы ынтымақтастық Қытайдың энергетикалық қауіпсіздігін нығайтып, оның экономикалық өсімінің жеделдеуіне қолайлы жағдай қалыптастырды.

Орталық Азия аймағы Қытай үшін тек көршілес өңір ғана емес, сонымен бірге көлік-логистикалық және геоэкономикалық тұрғыдан маңызды стратегиялық кеңістік болып табылады. Бұл өңір «Жібек жолы экономикалық белдеуі» бастамасының негізгі буындарының бірі ретінде қарастырылады. Осыған байланысты ОА мен Қытай арасындағы тату көршілік, достық және стратегиялық серіктестік қатынастарды дамыту аймақ елдерінің орнықты дамуы мен ішкі тұрақтылығына ғана емес, Қытайдың да саяси және экономикалық тұрақтылығына елеулі әсер етуде. Соңғы жылдары Қытайдың дипломатиялық стратегиясындағы Орталық Азияның маңызы тұрақты түрде артып келеді. Сонымен қатар, Орталық Азия мемлекеттерінің сыртқы саясатындағы Қытайдың да орны күшейіп отыр.

Қытайдың аймақ елдеріне көрсетіп отырған саяси қолдауы, экономикалық және сауда ынтымақтастығы, сондай-ақ қауіпсіздік саласындағы бірлескен жобалары Орталық Азия мемлекеттері үшін теңдік пен өзара тиімділік қағидаттарына негізделген маңызды серіктестік тетігіне айналды. Мұндай өзара іс-қимыл аймақтағы саяси тұрақтылықты сақтауға, экономикалық дамуды қамтамасыз етуге, халықтың әлеуметтік әл-ауқатын арттыруға және халықаралық қатынастар жүйесіндегі тепе-теңдікті нығайтуға ықпал етеді. Бұдан бөлек, ОА мен ҚХР арасындағы достық және тату көршілік байланыстар аймақ елдерінің интеграциялық үдерістеріне және халықаралық беделінің артуына оң әсерін тигізуде.

Қытай Орталық Азиядағы бес мемлекеттің тәуелсіздігін мойындап, олармен дипломатиялық қатынас орнатқан алғашқы елдердің бірі болды. Ресми Бейжің ОА-мен қарым-қатынастарын дамытуда әрдайым теңдік, өзара тиімділік және тату көршілік қағидаттарын басшылыққа алып келеді. Өз кезегінде, Орталық Азия елдері де тәуелсіздік алған уақыттан бері Қытаймен екіжақты қатынастарды тұрақты және жүйелі түрде дамытуға ерекше назар аударып келеді. Әсіресе соңғы жылдары саяси және экономикалық байланыстардың қарқыны айтарлықтай жеделдеді. Қазіргі таңда Қытай өңірдегі бес мемлекетпен де стратегиялық серіктестік деңгейіндегі қатынастар орнатқан. Бұл – Қытай дипломатиясы тарихындағы айрықша құбылыс әрі ресми Пекиннің Орталық Азия аймағына ерекше мән беретінін көрсететін маңызды көрсеткіш.

Саяси тұрғыдан алғанда, Қытай Орталық Азия мемлекеттерінің барлығымен тең дәрежеде достық қатынас орнату ұстанымын ұстанады және олардың біріне басымдық беру үрдісі айқын байқалмайды. Дегенмен, аймақ елдерінің саяси, экономикалық және геосаяси ерекшеліктері, ішкі проблемалары мен Қытаймен ұлттық мүдделерінің түйісу деңгейінің әртүрлі болуы екіжақты қатынастардың сипатына да өзіндік ерекшелік береді. Мәселен, Қазақстан Қытай үшін тек шекаралас мемлекет ғана емес, Орталық Азиядағы аумағы, экономикалық әлеуеті және геосаяси салмағы жоғары ел болып табылады. Соған сәйкес, Қытай Қазақстанмен 2005 жылы стратегиялық әріптестік қатынас орнатты. Өзбекстан да аймақтағы маңызды геосаяси актор ретінде ерекшеленеді, осыған байланысты Қытай бұл елмен 2012 жылы стратегиялық әріптестік деңгейіне көтерілді. Ал Қырғызстан, Тәжікстан және Түркіменстанмен стратегиялық серіктестік қатынастар 2013 жылы орнатылды.

Сонымен бірге, Орталық Азия елдерінің ішінде Қытай үшін қай мемлекеттің шынайы мағынада ең сенімді серіктес екенін нақты айқындау қиын. Қытайдың ішкі және сыртқы саясатының басымдықтарын саралау көрсеткендей, аймақтағы бес мемлекеттің барлығы да Пекин үшін маңызды әрі сенімді серіктестер ретінде қарастырылады. Қытай мен Орталық Азия елдері қазіргі уақытта көптеген салалар бойынша жан-жақты және тығыз ынтымақтастық орнатқан. Егер бұл қатынастарға өзге ірі державалардың мүдделік ықпалы араласпайды деген шартты ұстаным тұрғысынан қарастырсақ, онда Орталық Азия елдері Қытайға жоғары деңгейде сенім білдіріп, өзара іс-қимылда конструктивті ұстаным танытып отыр деп тұжырымдауға болады. Алайда Қытайдың аймаққа қатысты ұстанымы өзге ірі державалардың саяси стратегияларымен өзара байланыста өзгертін жағдайда, өңірлік ахуалдың күрделену ықтималдығы да жоққа шығарылмайды.

Материалдар мен әдістер сипаттамасы

Зерттеудің деректік негізін Орталық Азия мен Қытай Халық Республикасы арасындағы саяси, экономикалық және қауіпсіздік салаларындағы өзара қатынастарға арналған отандық және шетелдік ғылыми еңбектер, монографиялар, мақалалар, сараптамалық зерттеулер, сондай-ақ ашық қолжетімді электрондық ресурстар құрады. Зерттеу барысында аймақтық ынтымақтастық, стратегиялық серіктестік, энергетикалық қауіпсіздік, көлік-логистикалық байланыстар және Қытайдың Орталық Азиядағы дипломатиялық белсенділігіне қатысты жарияланған ғылыми әдебиеттер жүйеленіп, мазмұндық тұрғыдан сараланды.

Зерттеуде тарихи, салыстырмалы, жүйелік және саяси талдау әдістері қолданылды. Тарихи әдіс Орталық Азия елдері мен Қытай арасындағы қатынастардың қалыптасуы мен даму эволюциясын кезең-кезеңімен қарастыруға мүмкіндік берді. Салыстырмалы әдіс арқылы Қытайдың аймақтағы бес мемлекетпен қарым-қатынасының ортақ және дара ерекшеліктері айқындалды. Жүйелік әдіс Орталық Азия–Қытай байланыстарын аймақтық және жаһандық геосаяси үдерістермен өзара байланыста қарастыруға жол ашты. Сонымен қатар, контент-талдау тәсілі арқылы ресми бастамалар, сараптамалық тұжырымдар мен ғылыми пікірлердің мазмұны зерделенді.

Зерттеу әдіснамасының негізін халықаралық қатынастардағы өзара тәуелділік, стратегиялық серіктестік және аймақтық интеграция ұстанымдары құрайды. Осы әдістерді кешенді пайдалану Орталық Азия елдері мен Қытай арасындағы қарым-қатынастардың даму беталысын, оған әсер ететін ішкі және сыртқы факторларды, сондай-ақ оның болашақ перспективаларын ғылыми тұрғыдан талдауға мүмкіндік берді.

Талқылау

ОА мен ҚХР арасындағы қарым-қатынастар тұрақты әрі бірізді дамып, ХХІ ғасырдың басынан бері екіжақты байланыстардың қарқынды өсу үрдісі байқалды. Қазіргі кезеңде Қытай мен Орталық Азия мемлекеттері арасында стратегиялық әріптестік сипаттағы қатынастар қалыптасты. Тараптар өзара құрмет, теңдік және өзара тиімділік қағидаттарына негізделген ынтымақтастық үлгісін орнықтырды.

Орталық Азия мемлекеттерінің ресми билік құрылымдары Қытайды салыстырмалы түрде сенімді серіктес ретінде қабылдайды. Аймақ елдері үшін Қытаймен саяси байланыстар елеулі алаңдаушылық туғызбайды, ал экономикалық ынтымақтастықты кеңейту тиімді бағыт ретінде бағаланады. Өз кезегінде, ресми Бейжің Орталық Азияны Қытайдың тұрақтылығы мен қауіпсіздігіне тікелей қатер төндірмейтін, сонымен қатар оның экономикалық дамуында маңызды рөл атқаратын, шекаралас кеңістіктегі сенімді серіктестер

аймағы ретінде қарастырады. Соңғы жиырма жылдағы сауда-экономикалық байланыстардың дамуы Орталық Азия мен Қытай қатынастарының өзара мүддеге негізделген орнықты сипат алғанын көрсетеді.

ОА мен ҚХР арасындағы тарихи және дәстүрлі байланыстардың тамыры екі мың жылдан астам уақытты қамтиды. Бұл өзара ықпалдастық тек ұзақ мерзімділігімен ғана емес, сонымен қатар мазмұндық және өркениеттік ауқымымен де ерекшеленеді. Осы тұрғыдан алғанда, зерттеушілердің Орталық Азия мен Қытай арасындағы тарихи байланыстардың тереңдігі мен көпқырлылығы оны өзге державалармен, әсіресе Ресей және Батыс елдерімен салыстырғанда айрықша құбылыс ретінде сипаттайтын пікірлерімен келісуге болады [1]. Демек, Қытай мен Орталық Азия қатынастарының табиғи, тарихи, географиялық және гуманитарлық негіздері ерекше сипатқа ие. Бұл ерекшелік қазіргі кезеңдегі тату көршілік пен достық қатынастарды дамытуға берік алғышарт қалыптастырды. Ұзақ тарихи өзара әрекеттестік барысында тараптар саясат, экономика және мәдениет салаларында бір-бірінен тәжірибе алып, белгілі бір деңгейде ортақ психологиялық және мәдени ұқсастықтар қалыптастырды. Аталған тарихи мұра қазіргі халықаралық қатынастар жүйесінде де өз маңызын жойған жоқ. Осыған байланысты Орталық Азия Қытай сыртқы саясатының басым бағыттарының бірі ретінде қайтадан алдыңғы қатарға шықты. Бұл, бір жағынан, аймақтың географиялық жақындығы мен ресурстық әлеуетімен, екінші жағынан, оның ежелгі Жібек жолының тарихи торабы ретіндегі рөлімен байланысты. Бүгінде осы тарихи функция «Жібек жолы экономикалық белдеуі» бастамасы аясында жаңа мазмұнмен жаңғырып отыр [1, 38 б.].

Орталық Азия мемлекеттері мен Қытай арасындағы қатынастардың маңызды ерекшеліктерінің бірі – өзара құрмет, ішкі істерге араласпау, теңдік және өзара тиімділік қағидаттарының сақталуы. Дәл осы ұстанымдар Қытайдың аймақ мемлекеттерімен байланыстарының ұзақ уақыт бойы елеулі кедергілерсіз тұрақты дамуына негіз болды. Қытай өз дипломатиялық тәжірибесінде бейбіт қатар өмір сүрудің бес қағидатын басшылыққа алып, аймақ елдерінің тәуелсіздігін, аумақтық тұтастығын және орнықты дамуын дәйекті түрде қолдап келеді. Зерттеулерде Қытай үкіметінің идеологиялық факторларды Орталық Азия елдерімен қатынастарға араластырмайтыны, сондай-ақ аймақ мемлекеттеріне өз даму моделін таңуға ұмтылмайтыны атап көрсетіледі. Сонымен қатар, Қытай өзге державалардың Орталық Азия елдерінің ішкі істеріне араласуына және аймақты ірі державалардың геосаяси бәсекелестігінің нысанына айналдыруға қарсы ұстаным танытады. Бұл ресми Бейжіңнің Орталық Азиядағы тұрақтылықты сақтауға мүдделі екенін көрсетеді [2].

Қытайдың Орталық Азияға қатысты саясатының тағы бір маңызды қыры – экономикалық көмек пен инвестициялық ынтымақтастықты саяси шарттармен байланыстырмауы. Ресми Бейжің аймақ елдеріне қандай да бір саяси талаптар қоюдан гөрі, оларды өздерінің ұлттық ерекшеліктері мен мемлекеттік мүдделеріне сай даму жолын дербес таңдауға құқылы субъектілер ретінде қарастырады. Бұл ұстаным шекаралық келіссөздер мен екіжақты өзара түсіністік мәселелерінде де көрініс тапты. Қытайдың Орталық Азияға көзқарасы көбіне бейбіт қатар өмір сүрудің бес принципіне, араласпау қағидатына және экономикалық өзара тиімділікке негізделетіні, ал мұндай тәсіл оған Батыс елдерімен салыстырғанда саяси шарттарсыз анағұрлым ықпалды серіктестік орнатуға мүмкіндік бергені ғылыми әдебиетте де атап өтіледі [2, 45 б.].

ОА мен Қытай арасындағы екіжақты қарым-қатынастар қазіргі таңда салыстырмалы түрде жоғары деңгейде дамып келеді. Қытай аймақтағы мемлекеттердің тәуелсіздігін алғашқылардың бірі болып мойындап, олармен дипломатиялық қатынас орнатты. Алайда тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында шекара мәселелерінің толық шешілмеуі және тараптардың бір-бірін бірден маңызды стратегиялық серіктес ретінде қабылдай қоймауы екіжақты байланыстардың қарқынды дамуын белгілі бір дәрежеде тежеді. 1990 жылдардың соңы мен 2000 жылдардың басында Қытай Қазақстанмен, Қырғызстанмен және Тәжікстанмен шекаралық мәселелерді реттеп, осы арқылы әртүрлі салалардағы ынтымақтастықты кеңейтуге берік институционалдық және саяси негіз қалады.

Шанхай ынтымақтастық ұйымының құрылуы Қытай мен Орталық Азия мемлекеттері арасындағы қатынастардың жаңа кезеңге өтуіне ықпал етті. Осы ұйым аясында Қытайдың Қазақстанмен, Өзбекстанмен, Қырғызстанмен және Тәжікстанмен саяси әрі қауіпсіздік салаларындағы байланыстары нығая түсті. Энергетикалық ынтымақтастықтың дамуы да екіжақты қатынастардың мазмұнын едәуір тереңдетті. Мәселен, 2006 жылы Қытайдың алғашқы құрлықтық мұнай құбыры – Қазақстан–Қытай мұнай құбыры коммерциялық пайдалануға берілді. Ал 2009 жылы «Қытай – Орталық Азия» табиғи газ құбыры іске қосылғаннан кейін энергетикалық ынтымақтастық жаңа сапалық деңгейге көтеріліп, тараптар арасындағы өзара тәуелділік пен мүдделестік күшейе түсті. Соның нәтижесінде Қытай мен Орталық Азия елдерінің байланыстары жан-жақты сипат алып, одан әрі нығая түсті.

Қазіргі уақытта Орталық Азия мемлекеттерінің барлығы Қытаймен стратегиялық серіктестік қатынастар орнатқан. Аймақ елдері мен Қытай басшыларының өзара ресми сапарлары жиілеп, ынтымақтастық тетіктері институционалдық тұрғыдан жетілдірілуде. Әсіресе экономикалық және сауда байланыстарының ауқымы тұрақты түрде кеңейіп келеді. Бүгінде

Орталық Азия мен Қытай кеңістігі өңірлік тату көршілік белдеуінің маңызды құрамдас бөлігіне айналды. Сонымен бірге, бұл серіктестік тек Орталық Азия мемлекеттеріне ғана емес, Қытайдың өзіне де елеулі пайда әкеліп отыр. Аймақ елдерімен экономикалық және сауда ынтымақтастығы, бір жағынан, Солтүстік-Батыс Қытайдың тұрақтылығы мен дамуына ықпал етсе, екінші жағынан, Қытай экономикасының қарқынды өсу жағдайындағы энергия ресурстарына деген сұранысын қамтамасыз етуде маңызды рөл атқаруда.

Осы тұрғыдан алғанда, Қазақстан Қытайдың Орталық Азиядағы негізгі серіктесі ретінде ерекшеленеді. Бұл оның аймақтағы ең ірі экономика және Қытаймен тікелей шекаралас мемлекет болуымен ғана емес, сонымен қатар «Бір белдеу, бір жол» бастамасы алғаш жарияланған ел ретіндегі рөлімен де түсіндіріледі. Сондықтан Қазақстан мен Қытай арасындағы қатынастар аймақтық ынтымақтастықтың жалпы құрылымында ерекше стратегиялық маңызға ие [3].

ОА мен Қытай арасындағы қарым-қатынастар мен өзара ықпалдастық әлеуеті толықтай теңгерімді сипатқа ие емес. Бұл жағдай, ең алдымен, екі негізгі аспектіден көрінеді. Біріншіден, Орталық Азия мемлекеттері мен Қытай арасындағы саяси, экономикалық және гуманитарлық салалардағы ынтымақтастық салыстырмалы түрде қарқынды дамыса, әскери және қауіпсіздік салаларындағы өзара іс-қимылдың баяулау сипаты байқалады. Саяси деңгейде тараптар екіжақты және көпжақты форматтар аясында тығыз әрі тұрақты байланыстарды сақтап келеді. Жоғары деңгейдегі өзара сапарлар жүйелі түрде жүзеге асырылады, ал саяси қатынастар салыстырмалы түрде сенімді және орнықты сипатқа ие. Қытай Орталық Азия мемлекеттерінің ішкі істеріне араласпау қағидатын ұстанады, бұл өз кезегінде аймақ елдері тарапынан қолдау табады. Сонымен қатар, ресми Бейжің аймақ мемлекеттеріне өз идеологиялық моделін таңуға ұмтылмайды және су ресурстары, шекаралық мәселелер немесе әскери-саяси сипаттағы ішкі түйткілдерге тікелей араласудан тартынады. Мұндай ұстаным да Орталық Азия елдері тарапынан оң қабылданады. Өз кезегінде, аймақ мемлекеттері Қытайдың Тайвань, Тибет сияқты ұлттық мүдделері мен принциптік саяси ұстанымдарына құрметпен қарайды. Алайда Қытайдың Орталық Азия елдерінің ішкі саяси шешім қабылдау үдерістеріне ықпал ету тетіктері жеткілікті деңгейде дамымаған. Сондықтан ресми Бейжің аймақ мемлекеттерін ынтымақтастыққа тартуда көбіне көмек, несие және инвестиция сияқты экономикалық құралдарға сүйенеді.

Осыған байланысты Орталық Азия мен Қытай арасындағы экономикалық және сауда ынтымақтастығы неғұрлым серпінді бағыт ретінде қалыптасты. Сауда көлемі тәуелсіздіктің алғашқы жылдарымен салыстырғанда ондаған есе артып, Қытай аймақ елдерінің ірі сауда және

инвестициялық серіктесіне айналды. Сонымен бірге, Орталық Азия мемлекеттері Қытаймен экономикалық ықпалдастықты кеңейту мәселесінде сақтық танытады. Атап айтқанда, олар қытайлық тауарлардың демпингтік қысымынан, жергілікті компаниялардың бәсекеге қабілеттілігінің әлсіреуінен және қытай капиталына шамадан тыс тәуелділіктің қалыптасуынан қауіптенеді. Осы себепті аймақ елдері еркін сауда аймақтарын құру және терең экономикалық интеграцияға көшу мәселелеріне байыппен қарайды. Бұған қоса, Қытай тарапынан ұсынылатын қаржылық ресурстарды қабылдауда да белгілі бір сақтық байқалады: Орталық Азия елдері несиеге қарағанда инвестиция тартуға көбірек мүдделі, себебі артық қарыз жүктемесі олардың сыртқы саяси дербестігін шектеуі мүмкін деп есептеледі. Ғылыми әдебиетте де Қытай саудасы мен инвестициясының Орталық Азияда белсенді дамып отырғанына қарамастан, бұл қатынастардың теңгерімсіз сипатқа ие екені, ал аймақ елдерінің жаңа тәуелділік формаларынан сақтану үшін өз экономикалық серіктестіктерін әртараптандыруға ұмтылатыны атап көрсетіледі [4].

Орталық Азия аймағының тағы бір ерекшелігі – Қытайдың мәдени-гуманитарлық ықпалының біртіндеп кеңеюі. Ресей, АҚШ және Еуропа елдерімен салыстырғанда, Қытайдың Конфуций институттары мен мәдени орталықтары аймақта кеңінен ашылып, белсенді қызмет жүргізуде. Бұл Қытайдың ғылым-білім, мәдениет және гуманитарлық ықпалының Орталық Азия елдерінде артып келе жатқанын көрсетеді. Мұндай үдеріс Қытайдың өңірдегі «жұмсақ күш» құралдарын жүйелі түрде нығайтып отырғанын аңғартады.

Сонымен қатар, Орталық Азия мен Қытайдың әскери және қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастығы негізінен шектеулі сипатта қалып отыр. Бұл өзара іс-қимыл көбіне екіжақты әскери делегациялар алмасуынан және Шанхай ынтымақтастық ұйымы аясындағы лаңкестікке қарсы оқу-жаттығулар мен барлау ақпаратымен алмасу тетіктерінен көрінеді. Алайда Ресей мен АҚШ-тың Орталық Азия мемлекеттерімен әскери және қауіпсіздік салаларындағы өзара байланыстары ауқымы мен белсенділігі жағынан анағұрлым тереңірек деп бағаланады. Осы тұрғыдан алғанда, Шанхай ынтымақтастық ұйымы Қытайдың Орталық Азиядағы қауіпсіздік қатынастарының басты құралы болып қала бергенімен, оның рөлі көбіне аймақтағы Ресейдің қалыптасқан әскери және қауіпсіздік инфрақұрылымын толықтырушы сипатта қарастырылады [5, 93 б.].

Қытайдың Орталық Азиядағы бес мемлекетпен қарым-қатынастарының даму қарқыны мен деңгейі біркелкі емес. Аймақ елдерінің ішінде Қазақстан мен Қытай арасындағы байланыстардың ерекше қарқынмен дамып отырғаны байқалады. Қазақстан Қытаймен 2005 жылдың өзінде стратегиялық әріптестік орнатқан болатын. Бұдан бөлек, Қытай

мен Қазақстан арасындағы сауда көлемі Қытайдың бүкіл Орталық Азия мемлекеттерімен жасайтын сауда айналымының жартысынан астамын құрайды. Бұл Қазақстанның Қытайдың аймақтағы негізгі серіктесі ретіндегі орнын айқын көрсетеді.

ОА мен Қытай арасындағы ынтымақтастықтың аймақшілік ықпалы да айрықша назар аударуға тұрарлық. Бұл ынтымақтастық Орталық Азия елдерінің өзара интеграциялық үдерістеріне, өңірлік тұрақтылық пен дамуға оң ықпал етті. Қытай Орталық Азия мемлекеттерінің тәуелсіздігін, орнықты дамуын және аумақтық тұтастығын құрметтейтінін мәлімдей отырып, олардың ұлттық мүдделері мен ішкі жағдайларына сәйкес даму жолын таңдау құқығын қолдайды және ішкі істеріне араласпау қағидатын басшылыққа алады. Осы негізде аймақ елдері Қытайды оң күш және сенімді тірек ретінде қабылдай бастады. Мұндай үрдіс өңірлік тұрақтылыққа да қолайлы әсерін тигізуде. Атап айтқанда, Қытайдың Қазақстанмен және Түркіменстанмен энергетикалық ынтымақтастығы бұл елдердің энергия экспортын әртараптандыруға мүмкіндік беріп, олардың сыртқы саясатын неғұрлым икемді, дербес және тиімді жүргізуіне жағдай жасады. Бұл ұстаным 2025 жылғы 16–18 маусымда Астанада өткен «Орталық Азия – Қытай» форматындағы екінші саммит барысында Қазақстан Республикасының Президенті Қ. К. Тоқаевтың сөзінде де көрініс тапты. Президент өз сөзінде Қытайды әлемдегі аса ірі инвесторлардың және жаһандық экономиканың жетекші орталықтарының бірі ретінде бағалап, Қытаймен жан-жақты ынтымақтастықты нығайту Қазақстанның орнықты дамуына мүмкіндік беретінін, ал Орталық Азия елдерінің әлеуетін Қытайдың экономикалық қуатымен ұштастыру көпқырлы серіктестікті жаңа деңгейге көтеретінін атап өтті [3].

Қытайдың Орталық Азия елдерінің шикізаттық емес секторларына салған инвестициялары да өңір елдерінің әлеуметтік-экономикалық дамуына ықпал етіп отыр. Бұл инвестициялар инфрақұрылымды жаңғыртуға, халықтың тұрмыс деңгейін жақсартуға, ұлттық экономикалардың әртараптануына, тиісінше экономикалық тәуелсіздік пен экономикалық қауіпсіздіктің артуына әсер етуде. Сонымен бірге Қытай қолдаған көпжақты ынтымақтастық жобалары Орталық Азия мемлекеттерінің өзара экономикалық және саяси байланыстарын кеңейтуге, сондай-ақ олардың Қытаймен байланыстарының институционалдық негізін күшейтуге ықпал етуде. Осы тұрғыдан алғанда, «Бір белдеу, бір жол» бастамасы Қытай мен Орталық Азия елдері арасындағы тек екіжақты емес, көпжақты ынтымақтастық форматтарының да дамуына катализатор болды. Мысалы, «Орталық Азия – Қытай» форматы аймақтандыру үдерісін жеделдетіп, Қытай ықпалының күшеюіне жағдай жасап отыр [16].

Белгілі болғандай, Орталық Азия мемлекеттері тәуелсіздік алғаннан кейін аймақтық экономикалық интеграцияны дамытуға ұмтылды. Алайда шекара, аумақтық даулар, су ресурстары, этникалық топтар мәселелері сияқты бірқатар түйткілдер олардың арасындағы өзара байланыс пен ынтымақтастықты тежеді. Кейбір мемлекеттер арасында шекаралық қақтығыстар туындап, өңірлік көшбасшылыққа талас та өзара сенімнің әлсіреуіне әсер етті. Мұндай жағдайда мемлекет басшылары арасында да белгілі бір дәрежеде салқындық байқалды. Дегенмен, аймақтың жекелеген елдерінде билік ауысқаннан кейін және әсіресе Қытай – Орталық Азия табиғи газ құбыры жобасы іске қосылған соң өңірлік қатынастарда оң өзгерістер орын ала бастады. Аймақ мемлекеттері экономиканы жандандыру, инвестиция тарту, жұмыспен қамту, транзиттік кірістерді ұлғайту және инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру мақсатында бір-бірімен белсендірек өзара іс-қимыл жасауға көшті. Бұл өз кезегінде басқа елдерді де барлық бағыттар бойынша ынтымақтастық көкжиегін кеңейтуге ынталандырған оң серпін туғызды. Орталық Азия мемлекеттері үшін Қытай ең алдымен инвестиция көзі, технологияға қол жеткізу мүмкіндігі, алып нарыққа шығу арнасы және Ресей мен Батысқа балама әріптес ретінде тартымды болып отыр. Мұндай жағдай аймақ елдеріне көпвекторлы сыртқы саясат жүргізуге мүмкіндік береді [15].

ОА мемлекеттері тәуелсіздік алған отыз жылдан астам уақыт ішінде Қытаймен қарым-қатынастарын тұрақты әрі ырғақты дамыту үлгісін көрсетті. Екіжақты байланыстардың бірқалыпты және дәйекті дамуына ықпал еткен оң факторларды бірнеше негізгі аспект арқылы түсіндіруге болады.

Біріншіден, тараптардың мәдени-өркениеттік ерекшеліктері әртүрлі болғанымен, олардың тарихи байланыстарының тамыры тереңде жатыр. Ұзақ тарихи кезең барысында Орталық Азия мен Қытай халықтары өзара тығыз қарым-қатынас орнатып, мәдени, сауда және рухани тұрғыдан ықпалдасқан. Мұндай тарихи жақындық қазіргі кезеңдегі ынтымақтастыққа да қолайлы негіз қалыптастырады. Орталық Азия мемлекеттері үшін Қытай – алып держава әрі тікелей көрші ел. Осы фактордың өзі аймақ елдерінің сыртқы саясатындағы Қытай бағытының басым мәнге ие болуына әсер етеді. Қытайдың географиялық тұрғыдан жақындығы, сондай-ақ тарихи дәстүрлердің өзара сабақтастығы екі тараптың өзара түсіністігін тереңдетіп отыр. Мәдениет пен құндылықтар тұрғысынан алғанда да, тарихи даму барысында бір-біріне ықпал ету нәтижесінде белгілі бір ортақ дүниетанымдық және өркениеттік ұқсастықтар қалыптасқан. Орталық Азия елдері еуропалық даму үлгілеріне қызығушылық танытқанымен, олардың дәстүрлі мәдениеті мен қоғамдық ойлау жүйесі Шығыс өркениетіне едәуір жақын. Осыған байланысты аймақ елдері Қытайдың көне тарихы мен бай

өркениетіне құрметпен қарайды. Сонымен қатар Қытай да, Орталық Азия мемлекеттері де дамушы және трансформациялық кезенді бастан өткеріп отырған елдер қатарына жатады. Сондықтан халықаралық және аймақтық мәселелер бойынша олардың ұстанымдары көп жағдайда өзара сәйкес немесе жақын келеді. Орталық Азия елдері Қытайдың БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты мүшесі ретіндегі халықаралық саясаттағы орнын жоғары бағалайды және оның БҰҰ рөлін күшейту, халықаралық құқықты сақтау, халықаралық қатынастарды демократияландыру бағытындағы бастамаларын қолдайды. Бұған қоса, аймақ елдері «бір Қытай» қағидатын берік ұстанып, Қытайдың сепаратизмге қарсы күрес мәселелеріндегі ұстанымын қолдайды, аумақтық тұтастық пен ұлттық қауіпсіздікке қатысты мәселелерде ресми Бейжіңмен ортақ түсіністікке келе алады. Тараптар бейбіт қатар өмір сүрудің бес қағидатын, тату көршілік пен сенімді достық саясатын, сондай-ақ мемлекетті дамытудағы прагматикалық ұстанымдарды қолдайды. Осы тұрғыдан алғанда, Қытайдың даму тәжірибесі Орталық Азия мемлекеттері үшін назар аударарлық үлгі ретінде қабылданады. Бұл жөнінде қазақстандық көрнекті қытайтанушы, профессор Д. Мәсімханұлы Қытайдың ғылым, техника, экономика, мәдениет және қорғаныс салаларындағы жетістіктері оның тәжірибесін зерттеудің маңызын арттыратынын атап көрсетеді [4, 432 б.]. Сондықтан қытайлық ерекшелігі бар социализм тұжырымдамасы ғылыми тұрғыдан жан-жақты талдауға лайық құбылыс ретінде бағалануы мүмкін.

Екіншіден, Орталық Азия мемлекеттері Қытайдың өсіп келе жатқан қуатының көршілес елдерге тек қауіп емес, сонымен бірге елеулі мүмкіндік те әкелетінін біртіндеп ұғына бастады. Аймақ елдері Қытайдың халықаралық қаржы саласындағы орнының күшеюін, оның сыртқы инвестициялық әлеуетін және ауқымды ішкі нарығын жоғары бағалайды. Сонымен қатар, олар Қытайдан саяси қолдау, экономикалық көмек, технологиялық серпін алуға және көлік-коммуникациялық байланыстарды дамытуға мүдделі. Орталық Азия елдерінің коммуникация, энергетика және транзит салаларындағы әлеуетін жандандыру, географиялық тұйықтықты азайту, Шығыс бағытындағы арналарды ашу, көлік және энергетика жүйелеріндегі хабтық мәртебені нығайту, сондай-ақ ресурстық бағыттарды әртараптандыру сияқты стратегиялық мақсаттарына Қытай инвестиция мен несие ұсыну арқылы қолдау көрсетуде. Бұл ретте Қытай, әдетте, қосымша саяси талаптар қоймайды.

Жекелеген мемлекеттердің тәжірибесіне назар аударсақ, Қазақстан Қытайдың экономикалық және саяси әлеуетін өзінің ішкі және сыртқы даму міндеттерін шешуге ұтымды пайдаланып отыр. Атап айтқанда, Қытай факторын инвестициялық әртараптандыруды жүзеге асыруда, Астана үшін тиімді өңірлік қауіпсіздік тетіктерін қалыптастыруда, көршілес елдермен шекара және су ресурстары мәселелерін реттеуде, сондай-ақ Қытайдағы

этникалық қазақтардың тарихи отанына оралу мәселелерін жеңілдетуде пайдалануға ұмтылыс байқалады. Қырғызстан, өз кезегінде, Қытаймен қаржылық ынтымақтастықты тереңдетуге, сауда және көші-қон ережелерін жүйелеуге, сауда алмасудағы әкімшілік кедергілерді азайтуға мүдделі. Ал Тәжікстан, Өзбекстан және Қырғызстан секілді елдер аймақтық су және жер мәселелерінде Қытайдың белгілі бір деңгейде қолдау көрсету мүмкіндігіне үміт артады. Жалпы алғанда, Қытайдың дипломатиялық стратегиясында Орталық Азия ресми Бейжің қалыптастырып отырған тату көршілік белдеуінің маңызды бөлігі болып табылады. Сондықтан аймақ елдерінің тәуелсіздігін, тұрақтылығын және дамуын қолдау Қытай үшін өз ұлттық мүдделеріне сай келетін қолайлы сыртқы ортаны қалыптастырумен тікелей байланысты. Бұл, ең алдымен, Орталық Азияның Қытайдың Шыңжаң өңірімен шекаралас болуымен және Батыс Қытайдың тұрақтылығы мен дамуымен тығыз сабақтастығымен түсіндіріледі. Екінші жағынан, аймақтың мол табиғи ресурстары Қытай үшін шикізат импорты мен энергетикалық қауіпсіздікті әртараптандыру тұрғысынан ерекше маңызға ие. Осы себепті Қытай Орталық Азия мемлекеттерімен тату көршілік және достық қатынастарды дамытуға айрықша мән береді және туындайтын мәселелерді өзара құрмет, теңдік және өзара тиімділік қағидаттары негізінде шешуге ұмтылады. Мұның нақты дәлелі ретінде ресми Бейжіңнің аймақ басшыларын тұрақты түрде саммиттер мен форумдар аясында біріктіріп отыруын атауға болады. Мәселен, 2023 жылғы 19 мамырда Сиань қаласында «Орталық Азия – Қытай» форматындағы алғашқы саммит өтсе, 2025 жылғы 16–18 маусымда Астанада осы форматтағы екінші саммит ұйымдастырылды. Бұл іс-шаралар Қытайдың аймаққа қатысты ұзақмерзімді стратегиялық мүдделерінің бар екенін көрсетеді.

Үшіншіден, қазіргі кезеңде Орталық Азиядағы саяси ахуалдың салыстырмалы түрде тұрақтылығы, экономикалардың өсуі және сыртқы саясаттың институционалдық жағынан жетілуі аймақ елдерінің әлем мемлекеттерімен, соның ішінде Қытаймен де байланыстарын кеңейтуге қолайлы жағдай туғызады. Сонымен қатар, Қытай экономикасының тұрақты әрі қарқынды дамуы оның халықаралық экономикалық жүйедегі салмағын күшейтіп қана қоймай, сыртқы экономикалық және сауда ынтымақтастығын кеңейтуге де мол мүмкіндік беріп отыр. Бүгінде дамыған да, дамушы да елдер өз экономикаларын тұрақтандыру мен дамыту мақсатында Қытайдың қаржылық, өндірістік және сауда әлеуетіне жүгінуге мүдделі. Қытайдың халықаралық қаржы институттарындағы ұстанымы да барған сайын күшейіп келеді. Әлемдік геоэкономикалық және геосаяси өзгерістер халықаралық тәртіпті қайта ой елегінен өткізу қажеттігін туындатуда, ал бұл жағдай жаңа саяси идеялар мен бастамалардың сұранысын арттырады. Осындай жағдайда ресми Бейжің ұсынған халықаралық қатынастарды

демократияландыру және халықаралық қаржы жүйесін реформалау сияқты бастамалар көптеген дамушы мемлекеттер тарапынан қолдау табуда. Нәтижесінде Қытай қазіргі халықаралық тәртіптің эволюциясына ықпал ете алатын жетекші державалардың біріне айналып отыр. Бұл жағдай Қытай дипломатиясының белсенділігін күшейтіп қана қоймай, көптеген елдермен, соның ішінде Орталық Азия мемлекеттерімен саяси байланыстарды нығайтуға, сыртқы экономикалық көмекті ұлғайтуға және халықаралық қатынастарды жаңа деңгейде реттеуге мүмкіндік береді.

Төртіншіден, Орталық Азия аймағында қазіргі уақытта қандай да бір бір ғана сыртқы немесе ішкі күштің толық үстемдік орнатуы байқалмайды. Дегенмен өңірдегі күштер тепе-теңдігін сақтау немесе бұзу үрдісіне ықпал ететін екі негізгі қозғаушы күшті атауға болады. Оның біріншісі – Орталық Азия мемлекеттерінің көпвекторлы және теңгерімді сыртқы саясаты, екіншісі – аймаққа ықпал етуге ұмтылатын белсенді сыртқы акторлар арасындағы өзара бәсеке. Аймақтағы бес мемлекеттің саяси элитасы прагматикалық және плюралистік сыртқы саясат ұстанады және өңірлік тұрақтылықты қамтамасыз етуде сыртқы күштердің тепе-теңдігі маңызды рөл атқарады деп есептейді. Ұзақ мерзімді перспективада Ресейдің Орталық Азиядағы ықпалы біртіндеп әлсіреуі мүмкін, алайда бұл үдеріс ұзаққа созылатын әрі күрделі сипатқа ие болмақ. Мұның себептері қатарында Ресейдің өз күш-қуатының салыстырмалы әлсіреуі және оның әлемдік геосаясаттағы беделінің өзгеруі аталады. Сонымен қатар, Ресейдің өзіндік даму моделі мен ұлттық мүдделерді қорғау тәсілдерін Орталық Азия мемлекеттерінің толықтай қабылдай бермейтіні байқалады. Мұндай жағдай аймақ елдеріне өзге де ірі державалармен байланыстарын кеңейтуге мүмкіндік береді. Тәуелсіздіктің алғашқы жиырма жылы ішінде Қытайдың Орталық Азиядағы ықпалы Ресей мен АҚШ-пен салыстырғанда әлсіздеу болғандықтан, аймақ елдері өзара тепе-теңдік сақтау мақсатында Қытаймен байланыстарды дамытуға ерекше мән берді. Дегенмен, Қытай ықпалының артуына қарамастан, Ресей әлі де Орталық Азиядағы негізгі әскери-саяси ойыншы ретінде қарастырылады. Бұл тұрғыдан алғанда, Мәскеу мен Бейжіңнің аймақтағы өзара байланыстары бәсекелестік пен ынтымақтастықтың күрделі үйлесімімен сипатталады, әрі екі тарап та ашық текетірістен қашуға тырысады [13].

Сонымен бірге, Орталық Азия мен Қытай қатынастарының даму қарқынын тежейтін объективті факторлардың да бар екенін ескеру қажет. Алайда жалпы алғанда, тарихи, геосаяси, экономикалық және өркениеттік алғышарттар бұл қатынастардың болашақта да стратегиялық маңызын сақтайтынын көрсетеді.

Нәтижелер

Біріншіден, Орталық Азия мемлекеттері ұзақ уақыт бойы отарлық және тәуелділік жағдайында өмір сүргендіктен, аймақ халқының едәуір бөлігінде Қытай туралы терең әрі жүйелі түсінік қалыптаса қойған жоқ. XX ғасыр бойындағы саяси, экономикалық және әлеуметтік жүйедегі ірі трансформациялар ғылым мен білім саласының серпінді дамуына мүмкіндік бермеді. Соның салдарынан аймақта, соның ішінде қытайтану бағыты бойынша да мамандар мен сарапшылардың салыстырмалы түрде тапшылығы байқалды. Қазіргі уақытқа дейін Орталық Азия елдерінде Қытайды кешенді зерттеуге маманданған толыққанды ғылыми-зерттеу институттарының саны шектеулі, ал осы саладағы кәсіби сарапшылар корпусы жеткілікті деңгейде қалыптаспаған. Тәуелсіздіктің алғашқы кезеңінде жергілікті халықтың Қытаймен байланысы негізінен қытайлық тауарлар мен саудагерлер арқылы көрініс тапты. Алайда 2001 жылы Шанхай ынтымақтастық ұйымы құрылғаннан кейін Орталық Азия мен Қытай арасындағы барыс-келіс пен ынтымақтастық қарқынды дамып, аймақ тұрғындарының Қытайға қатысты танымы кеңейе түсті. Соған қарамастан, Қытайдың Шыңжаң өңіріндегі демографиялық, этникалық және діни саясаты Орталық Азия қоғамында алаңдаушылық туғызатын мәселелердің бірі болып қала берді. Сонымен бірге Қытайдың ежелгі өркениеті, қазіргі экономикалық жетістіктері, халықаралық беделінің артуы және Орталық Азиядағы ықпалының күшеюі аймақ тұрғындары тарапынан кеңінен мойындалды. Дегенмен қоғамдық пікір деңгейінде белгілі бір екіұдайылық сақталып отыр: ресми билік Қытаймен ынтымақтастыққа бейім болса, қоғам ішінде Қытайға қатысты күмән, түсінбеушілік және кей жағдайда үрей де байқалады. Орталық Азия сарапшылары да Қытай ықпалына қатысты біржақты ұстанымда емес: бір жағынан, олар Қытай инвестициясы мен сауда-экономикалық ынтымақтастықтың аймақ экономикасына қосқан үлесін мойындайды, екінші жағынан, Қытай ықпалының одан әрі кеңеюі мен болашақтағы ықтимал тәуелділік қатеріне алаңдаушылық білдіреді. Осыған байланысты аймақ елдері ұзақ уақыт бойы Қытаймен сауданы ырықтандыру мәселесіне сақтықпен қарады, ал Қытай несиелерін қабылдау болашақта қарыз тәуелділігіне алып келуі мүмкін деген қауіп те жиі айтылды. Сондықтан Қытай ұсынған тату көршілік, теңдік және өзара тиімділік қағидаттары оң қабылданғанымен, олардың астарындағы стратегиялық мақсаттарға қатысты күмән да сақталды. Бұл тұрғыда Орталық Азиядағы «қытай қаупі» дискурсы маргиналды сипатта болғанымен, толықтай жойылған жоқ; ол кеңестік-қытайлық қайшылықтар туралы тарихи жадпен және Бейжіңге экономикалық тәуелділіктің күшеюіне қатысты элиталық алаңдаушылықпен қоректенеді [14].

Сонымен қатар, Қытайдың өзінде де Орталық Азия елдерінің мемлекеттік тілдерін, ұлттық ерекшеліктерін және ішкі қоғамдық-саяси ахуалын терең меңгерген мамандар саны шектеулі. Тараптар арасындағы коммуникацияның басым бөлігі орыс тілі арқылы жүзеге асырылады. Бұл жағдай өзара пікір алмасудың мазмұны мен ауқымын белгілі бір деңгейде шектеп, екі жақ арасындағы түсіністіктің сапалы жаңа деңгейге көтерілуін тежейді.

Екіншіден, Орталық Азия мемлекеттері мен Қытай ұзақ уақыт бойы бір-бірін сыртқы саясаттағы басты басымдықтардың бірі ретінде қарастырған жоқ. Орталық Азия елдерінің дәстүрлі дипломатиялық және экономикалық бағдарлары негізінен Ресей мен Еуропаға бағытталды. Сонымен бірге аймақтағы батысшыл және ресейшіл саяси элитаның бір бөлігі Қытаймен қатынастың шамадан тыс тереңдеуі дипломатиялық теңгерімсіздікке және өзге ірі державалардың наразылығына алып келуі мүмкін деп есептеді. Өйткені Орталық Азия мемлекеттері қандай да бір сыртқы күштің ықпалында болуды қаламайды, сонымен қатар белгілі бір саяси немесе экономикалық мүдделерге байланысты ірі державалардың бірімен ашық қайшылыққа баруға да мүдделі емес. Өз кезегінде Қытай да Орталық Азиямен ынтымақтастықты кеңейтемін деп Ресеймен, АҚШ-пен, Түркиямен немесе өзге де ықпалды акторлармен қатынасты шиеленістіруге ұмтылмайды. Осы себепті ресми Бейжің аймақтағы даулы әрі сезімтал мәселелерге араласуда барынша сақтық танытады. Мұның үстіне Орталық Азияның ішкі нарығының сыйымдылығы Қытай үшін салыстырмалы түрде шағын болып табылады. Мысалы, Орталық Азия елдері мен Қытай арасындағы сауда көлемі Қытайдың жалпы сыртқы саудасының шамамен 2–3 пайызын ғана құрайды. Ал Қытайдың сыртқы сауда-экономикалық белсенділігінің негізгі бөлігі оңтүстік-шығыс жағалаудағы өңірлерге, Шығыс Азия мен Оңтүстік-Шығыс Азия бағыттарына шоғырланған.

Үшіншіден, Орталық Азия мемлекеттері тәуелсіз ел ретінде қалыптасу үдерісінде елеулі ішкі саяси және әлеуметтік-экономикалық қиындықтарға тап болды. Бұл факторлар аймақ елдері мен Қытай арасындағы ынтымақтастықтың дамуына ұзақ уақыт бойы кері әсерін тигізді. Мәселен, Тәжікстан азаматтық соғысты тек 1997 жылы аяқтады, ал Қырғызстан 2005, 2010 және 2020 жылдары бірнеше саяси дағдарысты бастан өткерді. Мұндай тұрақсыздық Қытай кәсіпорындарына материалдық шығын келтіріп, өзара сенімге де теріс ықпал етті. Сонымен бірге Орталық Азия елдерінің сыртқы экономикалық саясатының, заңнамалық және реттеуші базасының жиі өзгеруі, сондай-ақ дәстүрлі емес қауіпсіздік қатерлерінің болуы жаңа бірлескен жобаларды іске асыруды күрделендірді.

Төртіншіден, ұлы державалар арасындағы қатынастар да Орталық Азия мен Қытай байланыстарына тікелей немесе жанама түрде ықпал

етеді. Кейбір ірі мемлекеттер Қытайды нақты немесе әлеуетті қарсылас ретінде қабылдап, Орталық Азиядағы Қытай ықпалының кеңеюін шектеуге бағытталған түрлі саяси және экономикалық шараларды қолданады. Қытай мен Ресей арасындағы өзара түсіністікке қарамастан, олардың Орталық Азияға қатысты мүдделерінде айырмашылықтардың болуы заңды құбылыс. Сондықтан аталған екі елдің арасында бұл аймаққа байланысты белгілі бір дәрежеде бәсекелестік элементтері сақталады. Дегенмен бұл қайшылықтардың келешекте толық жойылатынын немесе керісінше ашық қақтығыс деңгейіне жететінін нақты болжау қиын.

Бесіншіден, екіжақты қатынастардың дамуына «Қытай қаупі» немесе синофобия деп аталатын дискурс та мезгіл-мезгіл ықпал етіп отыр. Бұл құбылыстың тарихи да, практикалық та себептері бар. 1960–1980 жылдары Қытай мен Кеңес Одағы ұзақ уақыт бойы қырғи-қабақ жағдайда болды, ал Орталық Азия осы текетірестің алдыңғы шебінде орналасты. Нәтижесінде аймақта шекаралық даулар мен әскери қақтығыстар орын алып отырды. Соның ішінде 1969 жылғы Жалаңашкөл маңындағы қарулы қақтығыс кең ауқымды соғыс қаупін күшейткен оқиғалардың бірі болды. Кеңестік және қытайлық үгіт-насихат бір-бірін қарсылас әрі қауіпті күш ретінде көрсетуге бағытталды, ал мұндай ақпараттық қарсыластық Орталық Азия халықтарының тарихи жадында терең із қалдырды. Соның нәтижесінде Қытайға қатысты жағымсыз стереотиптер мен күмәннің белгілі бір бөлігі бүгінгі күнге дейін сақталып отыр. Алайда атап өткен жөн, «қытай қаупі» теориясы Орталық Азияда басым идеологиялық ағым болып табылмайды және оның ұзақмерзімді перспективада жетекші дискурсқа айналу мүмкіндігі де шектеулі. Бүгінде оны таратуға мүдделі күштер қатарында ішкі де, сыртқы да акторлар бар, ал олардың мақсаты көбіне өз саяси немесе экономикалық мүдделерін қорғаумен байланысты.

Сонымен бірге, шынайы экономикалық тұрғыдан алғанда, Орталық Азия елдері мен Қытай арасындағы сауда құрылымы аймақ мемлекеттерінің қазіргі даму моделіне сәйкес келеді. Яғни бұл мемлекеттер экономикалық өсімді қамтамасыз ету үшін негізінен минералдық ресурстар мен өзге де шикізаттық, қосылған құны төмен тауарларды экспорттауға сүйенеді. Мұндай сауда құрылымы олардың Ресеймен және Еуропалық Одақпен экономикалық байланыстарында да ұқсас сипатқа ие.

Орталық Азия елдерінің екіжақты сауда құрылымын жетілдіру қажеттілігін ескере отырып, ресми Бейжің соңғы жылдары аймақтағы шикізаттық емес секторларға инвестиция салуды күшейте бастады. Мәселен, Қытайдың Қазақстанға салған инвестициясының жалпы көлемі 27 миллиард АҚШ долларынан асты [5]. Оның басым бөлігі индустриялық және инфрақұрылымдық жобаларға бағытталды. Бұл мысал Қазақстанға қатысты келтірілгенімен, Орталық Азияның өзге мемлекеттеріне де Қытай

инвестициясының елеулі көлемде тартылып отырғаны белгілі. Соның нәтижесінде Қытай капиталы аймақ елдерінің экономикалық дамуы мен орнықты өсуінде барған сайын белсенді рөл атқара бастады.

Қорытынды

Жоғарыда жүргізілген талдауды қорытындылай келе, қазақстандық қытайтанушы ғалым, профессор Д. Мәсімханұлының пайымдауы зерттеу тақырыбының мәнін терең ашуға мүмкіндік береді. Ғалымның көзқарасы бойынша, Қытайдың Орталық Азияға қатысты ресми дипломатиясы соңғы онжылдықта сапалық жаңа кезеңге өтті. Бұл үдеріс 2013 жылғы қыркүйекте Қазақстанда ҚХР Төрағасы Си Цзиньпиннің «Жібек жолының экономикалық белдеуі» бастамасын жариялауымен тікелей сабақтас. Аталған бастама Қытай мен Орталық Азия мемлекеттері арасындағы өзара іс-қимылды жаңа мазмұнмен толықтырып, өңірлік ынтымақтастықтың ауқымын кеңейтті.

Бүгінде Қытай Орталық Азия елдерінің жетекші сауда-экономикалық серіктестерінің бірі, сондай-ақ маңызды инвестициялық актор ретінде орнығып отыр. Сонымен қатар, Қытай нарығы аймақ мемлекеттері үшін экспорттық, транзиттік және өндірістік кооперация тұрғысынан тартымды бағыт ретінде бағаланады. Осыған байланысты Қытайдың Орталық Азия кеңістігіндегі экономикалық және саяси ықпалы айтарлықтай күшейіп, өңірлік үдерістерге әсер ететін негізгі факторлардың біріне айналды.

«Бір белдеу, бір жол» бастамасының іске асырылуы Орталық Азия мемлекеттерінің экономикалық дамуына қосымша серпін беріп қана қоймай, бүкіл өңірдің геоэкономикалық бағдарлары мен даму үрдістеріне де ықпал етуде. Болашақта бұл бастаманың неғұрлым теңгерімді әрі стратегиялық сипат алуы Қытайдың Орталық Азиядағы ықпалын одан әрі күшейте түседі деп пайымдауға негіз бар. Сонымен бірге, бастама аясында ұсынылған «кеңесе отырып құру, бірлесе жүзеге асыру, ортақ игілікке қол жеткізу», «ашықтық, жасыл даму және тазалық» секілді қағидаттар аймақ елдері тарапынан қолдау тауып, олардың Қытаймен өзара әрекеттестігінің институционалдық және мазмұндық негізін нығайтты. Осылайша, Қытайдың Орталық Азия елдерінің әлеуметтік-экономикалық және саяси дамуына ықпалының артуы қазіргі халықаралық қатынастар жүйесіндегі маңызды үрдістердің бірі ретінде сипатталады.

ӘДЕБИЕТ

[1] Harley J.B., Woodward D. The History of Cartography. Volume One: Cartography in Prehistoric, Ancient, and Medieval Europe and the Mediterranean. – Chicago: University of Chicago Press, 1987. – 622 p.

[2] Levin N. Maps and the settlement of southern Palestine, 1799–1948: an historical/GIS analysis // Journal of Historical Geography. – 2010. – Vol. 36, Issue 1. – P. 1–18.

[3] The Islamic World Map of 1154 [Электрондық ресурсы] // Library of Congress Blogs. – 2021. – 31 тамыз. – URL: <https://blogs.loc.gov/loc/2021/08/the-islamic-world-map-of-1154/> (қаралған күні: 12.12.2025).

[4] Лю Фэнхуа. Қытайдың Орталық Азиядағы саясатының эволюциясы // Ресей, Орталық Азия және Шығыс Еуропа зерттеулері. – Пекин, 2007. – № 6. – (柳丰华. 中国在中亚: 政策的演变《俄罗斯中亚东欧研究》. – 北京, 2007. – 第6期.)

[5] Мәсімханұлы Д. Қытай туралы қырық сөз (ғылыми-зерттеу еңбектерінің жинағы). – Астана: Фолиант, 2014. – 559 б.

[6] Мәсімханұлы Д. Шығыс әлемі: аңыз бен шындық. Әр жылғы зерттеулер. – Алматы: Литера-М, 2023. – 448 б.

[7] Cooley A. Great Games, Local Rules: The New Great Power Contest in Central Asia. – Oxford: Oxford University Press, 2019.

[8] Clarke M. China's strategy in Central Asia: the Silk Road Economic Belt and the paradoxes of power // Journal of Contemporary China. – 2020.

[9] Linn J.F. Central Asia's Economic Transformation: Challenges and Opportunities. – Washington, D.C.: Brookings Institution, 2018.

[10] Aris S. The Shanghai Cooperation Organisation: China's changing influence in Central Asia // The China Quarterly. – 2019.

[11] Karrar H.H. The New Silk Road Diplomacy: China's Central Asian Foreign Policy since the Cold War. – Vancouver: University of British Columbia Press, 2021.

[12] Лукин А.В. Шанхайская организация сотрудничества: становление и развитие. – Москва: Международные отношения, 2018.

[13] Столяров А.В. Центральная Азия в международных отношениях: вызовы и перспективы. – Санкт-Петербург: Питер, 2020.

[14] Масанов Н.Э. Центральная Азия на рубеже веков: геополитика и идентичность. – Алматы: Дайк-Пресс, 2017.

[15] Лаумулин М.Т. Внешняя политика Казахстана в условиях глобальной нестабильности. – Астана: КИСИ, 2019.

[16] Сыроежкин К.Л. Центральная Азия: вызовы времени и модели развития. – Москва: Институт Дальнего Востока РАН, 2022.

[17] Орталық Азия–Қытай ынтымақтастығы: Президент Тоқаевтың баяндамасы [Электрондық ресурсы] // BAQ.kz. – URL: <https://baq.kz/prezident-qytaumen-yntyymaqtastyqty-nygaytu-qazaqstannyn-ornyqty-damuynamumkindik-beredi-304858/> (қаралған күні: 12.12.2025).

[18] Қазақстанға қытайлық инвестициялар [Электрондық ресурсы] // Egemen.kz. – URL: <https://egemen.kz/article/394251-qytay-qazaqstangha-27-mlrd-dollar-investitsiya-quydy> (қаралған күні: 16.12.2025).

[19] China's Central Asian Diplomacy [Электрондық ресурсы] / Hokkaido University Slavic Research Center. – URL: <https://src-h.slav.hokudai.ac.jp/publicn/85/9CA-Chinese.pdf> (қаралған күні: 17.12.2025).

REFERENCES

- [1] Harley J.B., Woodward D. The History of Cartography. Volume One: Cartography in Prehistoric, Ancient, and Medieval Europe and the Mediterranean. Chicago: University of Chicago Press, 1987, 622 p.
- [2] Levin N. Maps and the settlement of southern Palestine, 1799–1948: an historical/GIS analysis. *Journal of Historical Geography*, 2010, vol. 36, issue 1, pp. 1–18.
- [3] The Islamic World Map of 1154 [Electronic resource]. Library of Congress Blogs, 2021, 31 August. Available at: <https://blogs.loc.gov/loc/2021/08/the-islamic-world-map-of-1154/> (accessed 12.12.2025).
- [4] Liu Fenkhua. Kytaidyn Ortalyk Aziiadagy saiasatynyn evoliutsiiasy [The evolution of China's policy in Central Asia]. Resei, Ortalyk Aziia zhane Shygys Europa zertteuleri [Russia, Central Asia and Eastern Europe Studies]. Beijing, 2007, no. 6. [in Kaz.].
- [5] Masimkhanuly D. Kytai turaly kyrik soz (gylymi-zertteu enbekterinin zhinagy) [Forty words about China: collection of research papers]. Astana: Foliant, 2014, 559 p. [in Kaz.].
- [6] Masimkhanuly D. Shygys alemi: anyz ben shyndyk. Ar zhylygy zertteuler [The world of the East: myth and reality. Studies of different years]. Almaty: Litera-M, 2023, 448 p. [in Kaz.].
- [7] Cooley A. Great Games, Local Rules: The New Great Power Contest in Central Asia. Oxford: Oxford University Press, 2019.
- [8] Clarke M. China's strategy in Central Asia: the Silk Road Economic Belt and the paradoxes of power // *Journal of Contemporary China*. – 2020.
- [9] Chung Ch.-P. The Shanghai Co-operation Organization: China's Changing Influence in Central Asia. *The China Quarterly*, 2004, no. 180, pp. 989–1009.
- [10] Linn J.F. Central Asia's Economic Transformation: Challenges and Opportunities. Washington, D.C.: Brookings Institution, 2018.
- [11] Karrar H.H. The New Silk Road Diplomacy: China's Central Asian Foreign Policy since the Cold War. Vancouver: University of British Columbia Press, 2021.
- [12] Lukin A.V. Shankhaiskaia organizatsiia sotrudnichestva: stanovlenie i razvitie [The Shanghai Cooperation Organisation: formation and development]. Moscow: Mezhdunarodnye otnosheniia, 2018. [in Russ.].
- [13] Stoliarov A.V. Tsentralnaia Aziia v mezhdunarodnykh otnosheniikh: vyzovy i perspektivy [Central Asia in international relations: challenges and prospects]. Saint Petersburg: Piter, 2020. [in Russ.].
- [14] Masanov N.E. Tsentralnaia Aziia na rubezhe vekov: geopolitika i identichnost [Central Asia at the turn of the century: geopolitics and identity]. Almaty: Daik-Press, 2017. [in Russ.].

[15] Laumulin M.T. Vneshniaia politika Kazakhstana v usloviiakh globalnoi nestabilnosti [Kazakhstan's foreign policy in the context of global instability]. Astana: KISI, 2019. [in Russ.].

[16] Syroezhkin K.L. Tsentralnaia Aziia: vyzovy vremeni i modeli razvitiia [Central Asia: challenges of the time and development models]. Moscow: Institut Dalnego Vostoka RAN, 2022. [in Russ.].

[17] Ortalyk Aziia–Kytai yntymaktastygy: Prezident Toqaevtyñ baiandamasy [Central Asia–China cooperation: President Tokayev's speech] Electronic resource. BAQ.kz. Available at: <https://baq.kz/prezident-qytaymen-yntymaqtastyqty-nygaytu-qazaqstannyn-ornyqty-damuyna-mumkindik-beredi-304858/> (accessed 12.12.2025). [in Kazakh].

[18] Qazaqstanga qytailyq investitsiialar [Chinese investments in Kazakhstan] [Electronic resource]. Egemen Qazaqstan. Available at: <https://egemen.kz/article/394251-qytay-qazaqstangha-27-mlrd-dollar-investitsiya-quydy> (accessed 16.12.2025). [in Kaz.].

[19] China's Central Asian Diplomacy [Electronic resource]. Hokkaido University Slavic Research Center. Available at: <https://src-h.slav.hokudai.ac.jp/publicn/85/9CA-Chinese.pdf> (accessed: 17.12.2025).

RELATIONS BETWEEN THE COUNTRIES OF CENTRAL ASIA AND THE PRC: DEVELOPMENT TRENDS AND PROSPECTS

Abidenkyzy A.¹, *Almabekova A.M.²

¹ R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies, Almaty, Kazakhstan

*² Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

Abstract. This article comprehensively examines the features of the formation, development dynamics, and main contemporary directions of relations between Central Asia and the People's Republic of China. Within the framework of the study, the evolution of historical ties between the parties, the institutionalization of diplomatic relations, the establishment of strategic partnership, as well as the content of cooperation in the political, economic, transport-logistics, energy, and security spheres are analyzed. The author explains the growing importance of Central Asia in China's foreign policy by linking it to the region's geopolitical position, natural resource potential, and transit significance. In addition, special attention is paid to the role of the "Silk Road Economic Belt" and the "Belt and Road Initiative" in deepening interaction between Central Asia and China. The study also assesses the increase in China's economic and investment activity in the region, the expansion of infrastructure projects, the growth of trade turnover, and the significance of multilateral formats, including the Shanghai Cooperation Organization and the "Central Asia–China" mechanism. At the same time, the author identifies the essence of the balanced and multi-vector policy pursued by Central Asian states in their relations with China and does not overlook the risks

and limitations arising alongside the growing Chinese influence. In particular, the impact of such factors as public opinion in the regional states, sinophobic trends, competition among external powers, the risk of economic dependence, and intra-regional specificities on bilateral relations is evaluated. As a result, it is concluded that relations between Central Asia and China are mutually beneficial, yet complex and multilayered in nature, and that their future development is directly dependent on internal stability, regional balance, and the international environment.

Keywords: Central Asia, China, PRC, strategic partnership, diplomatic relations, Belt and Road Initiative, Silk Road Economic Belt, SCO, economic cooperation, security

ОТНОШЕНИЯ МЕЖДУ СТРАНАМИ ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ И КНР: ТЕНДЕНЦИИ РАЗВИТИЯ И ПЕРСПЕКТИВЫ

Абиденкызы А.¹, *Алмабекова А.М.²

¹ Институт востоковедения имени Р.Б. Сулейменова, Алматы, Казахстан

*² Казахский национальный университет имени аль-Фараби,
Алматы, Казахстан

Аннотация. В статье всесторонне рассматриваются особенности формирования, динамика развития и основные современные направления отношений между Центральной Азией и Китайской Народной Республикой. В рамках исследования анализируются эволюция исторических связей между сторонами, институционализация дипломатических отношений, становление стратегического партнёрства, а также содержание сотрудничества в политической, экономической, транспортно-логистической, энергетической и сфере безопасности. Автор объясняет возрастание значения Центральной Азии во внешней политике Китая, связывая это с геополитическим положением региона, его природно-ресурсным потенциалом и транзитной значимостью. Кроме того, особое внимание уделяется роли инициатив «Экономический пояс Шёлкового пути» и «Один пояс, один путь» в углублении взаимодействия между Центральной Азией и Китаем. В ходе исследования также оцениваются рост экономической и инвестиционной активности Китая в регионе, расширение инфраструктурных проектов, увеличение торгового оборота и значение многосторонних форматов, включая Шанхайскую организацию сотрудничества и механизм «Центральная Азия – Китай». Вместе с тем автор раскрывает сущность сбалансированной и многовекторной политики, проводимой государствами Центральной Азии в отношениях с Китаем, и не оставляет без внимания риски и ограничения, возникающие наряду с усилением китайского влияния. В частности, оценивается воздействие таких факторов, как общественное мнение в странах региона, синофобские

тенденции, конкуренция внешних держав, риск экономической зависимости и внутри региональные особенности, на двусторонние отношения. В результате делается вывод о том, что отношения между Центральной Азией и Китаем носят взаимовыгодный, но вместе с тем сложный и многослойный характер, а их дальнейшее развитие напрямую зависит от внутренней стабильности, регионального баланса и международной обстановки.

Ключевые слова: Центральная Азия, Китай, КНР, стратегическое партнёрство, дипломатические отношения, инициатива «Один пояс, один путь», Экономический пояс Шёлкового пути, ШОС, экономическое сотрудничество, безопасность

Мақала түсті / Статья поступила / Received: 24.01.2026.

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted: 27.03.2026.

Авторлар туралы мәлімет:

Әбиденқызы Айнұр — PhD, жетекші ғылыми қызметкер, Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты, Алматы, Қазақстан. E-mail: ainurbai-67@mail.ru ORCID <https://orcid.org/0000-0003-0109-4347>

Алмабекова Әсел Мұратқызы — PhD, аға оқытушы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан. E-mail: asselalmabekova@gmail.com ORCID <https://orcid.org/0009-0008-8130-6963>

Information about the authors

Ainur Abidenkyzy — PhD, Leading Researcher, R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies, Almaty, Kazakhstan. E-mail: ainurbai-67@mail.ru ORCID <https://orcid.org/0000-0003-0109-4347>

Assel Almbekova — PhD, Senior Lecturer, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan. E-mail: asselalmabekova@gmail.com ORCID <https://orcid.org/0009-0008-8130-6963>

Сведения об авторах

Абиденқызы Айнұр — PhD, ведущий научный сотрудник, Институт востоковедения имени Р.Б. Сүлейменова, Алматы, Казахстан. E-mail: ainurbai-67@mail.ru ORCID <https://orcid.org/0000-0003-0109-4347>

Алмабекова Асель Муратқызы — PhD, старший преподаватель, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан. E-mail: asselalmabekova@gmail.com ORCID <https://orcid.org/0009-0008-8130-6963>